Previous studies

There were numerous similar studies conducted in different areas around the world. One of the them was by Chand, G.B. (2021). The study was aimed to explore the speaking difficulties that university students faced and also to identify causal factors to these problems. The findings of the study showed that speaking difficulties were divided into sub- categories such as social , personal, environmental, and linguistic problems. While classroom environment, teacher and teaching methods, overuse of L1, the content of course and poor learning were considered to be main causes of speaking problems. In the same line, Wandu. S et al (2019) conducted a research in Indonesia which investigated Bachelor Degree students' perceptions and their difficulties encountered in both private and public universities. The study found that shyness, lack of vocabulary and learning environment, dealing with mistakes and lectures' reaction during English speaking classes. The researcher found some differences in causal factors perceived by students from public and private universities. Another similar study conducted was by Al-Esaifer & Alshareef (2018) which was aimed to discover speaking challenges that encounter 2nd and 3rd year EFL university students. The study results revealed the some problems related to classroom conditions and methods that teachers use in their teaching. Ratnasari, A.G (2020) carried out a case in an Mechanical Engineering Department so as to

find out EFL students speaking challenges at the university. Along with that, the study found out the main strategies used by students to overcome speaking difficulties such as using google for translations, building a good rapport with a teacher, supporting and stimulating yourself and code-switching and so on. Furthermore, another local study done by Batyrova, A (2020) explored Kazakhstani school pupils' challenges on speaking skills and their strategies to eliminate these speaking problems, through the use of phenomenography study. It found out that students' speaking challenges were mainly ascribed to psychological and linguistic unpreparedness. The results of the studies previously conducted were almost similar and some of them focused on the problems and solutions of EFL speaking practices, while others tried to elicit some strategies or more causal factors affecting these speaking difficulties in English classroom.

Research Questions:

- 1 What challenges do undergraduate level students encounter in speaking English?
- 2 What are the possible causes of their speaking issues?
- 3 How can learners deal with speaking challenges? (from students' perspectives)

Research Methodology.

The present research was carried out at the University of Narxoz, in Almaty using a qualitative research design. The participants of the study were second- year students (2022-2023 academic year) from Digital Engineering faculty of Narxoz University, speaking Kazakh as a native language and approximately showing pre-intermediate-level proficiency of English. 10 students were sampled applying purposive sampling procedures, who could not speak fluently according to their previous speaking assessment results and presentation skills. Being an English teacher of this group, the researcher observed their presentation skill and oral performances many times. Therefore, the researcher selected students who were having problems in oral speech. To obtain the needed data, the researcher employed two research tools: open-ended questionnaire and semi-structured interviews for the participants. Firstly, students had gone through open-ended questionnaire and then later they were asked to have an individual, face-to-face interview based on semi-structured interview protocols.

Findings.

The data gathered from the interview and questionnaire were categorized into three main groups: Problems of speaking, causes of

speaking challenges and student’s suggestions to solve out the speaking problems.

Problems of Speaking

In both questionnaire and interview, students responded to the question of what challenges they encountered during their speaking in English classroom. As a result, students’ speaking difficulties were highly repetitive mentioning one and same problems almost in everyone’s experiences. So, the most striking problems that majority of students described were: feeling shy and nervous, lack of vocabulary and grammar knowledge, fear of criticism from peers as well as fear of making mistakes. The responses from both interview and questionnaire were grouped into three categories: Individual, Social and Linguistic problems.

Table 1. Problems of Speaking

Themes generated	Specific problems
Personal problems	<ul style="list-style-type: none"> • Nervousness; • Hesitation; • Shyness; • Anxiety about personal accents;
Linguistic problems	<ul style="list-style-type: none"> • Problems in selecting a right word; • Problems in fluency; • Problems in using grammar structures properly; • Mother tongue interference; • Relying on memorized speeches during exams;
Social problems	<ul style="list-style-type: none"> • Fear of criticism from peers; Fear of making mistakes

Personal Problems.

Even though students’ speaking difficulties can be largely affected by their environmental and some other external factors, the participants of the study mentioned that feeling of nervousness, hesitation, long pauses, shyness and worries about their accents were mainly what often hindered their oral communication. Most of respondents shared the most common problem was nervousness. One of students pointed out that “I start feeling nervous and worried when I make long pauses because for me it is hard to express my opinions.” (S5). Another participant noted that “ I find it so stressful to speak

up in public at length, especially spontaneously, if I did not memorize my speech very well.” (S2). Apart from that, students focused much on their personal accents, and thus they often felt anxious and fearful of others’ criticizing them. “I know that I have a Kazakh accent and I often feel less anxious about it, because I believe it does not sound natural or beautiful.”(S10).

Linguistic Problems.

These are the most widely experienced challenges of speaking English as FL. The lack of vocabulary or inability of choosing appropriate words or forgetting the words was the problem stated by most students of the target university. One of the students noted that “I think that I can’t speak English fluently because I take too much time to choose the right words and I often forget or get confused which words suit best in certain cases’. Another apparent problem was that the participants reported that they did not know grammar structures and did not understand how to use them in both practice and production as followed. The next speaking challenges that impede speaking fluency was mother tongue interference, and this is because students often practiced switching to their own language quickly especially during group work activities in the classroom.

Social Problems.

Due to various reasons and cultural influences, majority of students from the study outlined that the fear of being criticized or insulted in front of other students when they express their ideas with improper grammar or vocabulary use. Similarly, students are also afraid of making mistakes in their speech, especially if it is an open class discussions. One of participants of the study said that “it is Kazakh people’s mentality to laugh at someone if the person mispronounces the words or misuses the structures in their speech. I always pay attention to others’ reactions because it is very important for me what others say about my speaking. Because of it, I always get nervous while speaking in English.” While another student pointed out that “I felt so stressed to speak freely even within small groups, as there students who had more fluent speech than me and they were always dominant in speaking, whereas other lower leveled students like me, kept silent all the time.” (S6). Due to the disbalanced proportion of speaking time among peers, where more active and more proficient students dominate other passive students with their speaking abilities.

Causes of Speaking Difficulties.

In the second part of data collection, students were asked to list the possible casual factors of their speaking difficulties and they were

presented in the table 2 and later they were described in detail in this section. The main factors caused speaking challenges were divided into four categories: Teacher/teaching methods, classroom environment, poor schooling and course content.

Table 2. Causes of speaking problems

Themes generated	Specific problems
Teacher and teaching methods	<ul style="list-style-type: none"> • Old fashioned teaching methods; • Mixed ability classes; • Large class sizes; • Lack of motivation to speak English;
Classroom environment	<ul style="list-style-type: none"> • Unfavorable classroom atmosphere; • Relying on memorized speeches during exams; • Disbalance of presentation and practice of new materials;
Poor schooling	<ul style="list-style-type: none"> • Students from poor background knowledge from school;
Course content factors	<ul style="list-style-type: none"> • Courses focused more on written tasks not in speaking; • Insufficiency of classroom activities for speaking fluency;

Course content:

Teacher and Teaching Factors

In this research, many students highlighted the important role of teachers in their English classes. They can be a motivator, a facilitator and a creator of positive atmosphere and various speaking activities. One of the student mentioned that “This semester, I became more stimulated to study English compared to the previous year, as this year we had a new teacher who was always friendly and supportive. Mainly, she could keep the variety of activities in the lessons, so we could do different interactive activities and games.”(S1). The causal factors that were revealed as a result of the questionnaires and interview were mostly interrelated. For instance, teachers at the university still seemed to use conventional methods, making more teacher-centered classes where they waste huge time on explanations of new language items in front of class and thus leaving little time for students to

practice target language orally. The responses from the student 8 and 4 can confirm these issues mentioned above. “We usually have little time to practice speaking in pairs or in groups, what we mostly do is to listen to the teacher’s explanations and after that we do a lot of written exercises .” Another issue related to Narxoz university was the size of the groups which was too large for language classes (20-28 students in one group),and also the time devoted to English classes was only 70 minutes, which seemed too little time to control everyone’s contributions. Moreover, student number 7 commented that they studied at mixed ability group in the first year of Bachelor Degree where she often felt nervous and shy to speak out in front of more proficient students who expressed themselves more freely. This means that a mixed ability classes may also cause some speaking difficulties such as anxiety or frustration when there are students with more fluent speech.

Classroom environment.

Most of the participants confirmed that there are lack of practice on speaking skills in English classes and that they mostly accomplish more written tasks. Moreover, teachers do not always try to bring some more interactive and collaborative tasks which make them discuss some issues in a group, do role- plays and other different games and activities. “We do not have much time for speaking tasks, and teachers also do not attempt to change their methods to more communicative” (S2).Therefore, as teachers were often less desired to create more encouraging and more friendly atmosphere in the classroom, students tend to lose interest in speaking English and they seemed to perceive speaking as something unattainable and difficult to learn. Moreover, what students reported that teachers do not devote enough time to do more productive oral tasks, which make learners prepare longer speech or some presentations.

Poor schooling.

From the data, it was found that students saw the reason of their current difficulties in speaking in their background knowledge at school, where they had little or no speaking practice at all. Student 8 and 5 pointed out “I think that I have a fear of speaking English in front of class is that wealmost never had such experience of speaking in pairs, in groups or in frontof the whole class.”(S8 and S5). So, it was clear that if they could get good knowledge at school, students could speak more fluently at the university period.

Course content and Intuitional system.

During the interview, some of the students also pointed out that the content of course do not include a lot of speaking activities, despite some

pair discussions. Therefore, students did not have much chance to develop their oral production. The activities that the students had to do were to read some texts, to answer some questions in pairs and to learn some new words from there. Furthermore, they were always listening teacher's long explanations on grammar/vocabulary on the board which made them again become passive. One of the students argued that "I and my groupmates find speaking exam really stressful and in order not fail we always try to memorize texts prepared by ourselves. This is because, we do not practice speaking skills much and instead of preparation for speaking, we do lot of tests on use of English."

Students' suggestions to students and teachers on how to develop speaking skills The most common ideas that participants advocated were to rely more on yourself, by doing a lot of home tasks, revision of previous materials and doing self-study as well as to try to speak a lot both in and out of classroom paying less attention on accuracy. As regards the ideas for teachers, they mostly wished that their teachers changed their old methods to more effective ones and to motivate their students to practice speaking more. Furthermore, they suggested EFL teachers to organize more competitive games and activities in small groups as they found it both entertaining and team building activity.

Conclusion

From the analysis of results outline above, it can be said that speaking is regarded as the most significant skill among other skills in the English language. Speaking was also found to be the toughest skill to master by EFL students of Narxoz University, Almaty. The study revealed four major speaking difficulties such as personal problems, linguistic problems, social problems and environmental problems. On the basis of participants' answers, the primary causes of speaking difficulties were categorized into four main groups such as teacher/teaching methods, classroom environment, poor schooling and the course content factors. As a result of interviews, students' ideas to overcome these difficulties were mainly to rely on more on self-study in enlarging vocabulary word stock and to actively participate in classroom as well as out of classroom activities. As regards their suggestions for EFL teachers, they were mainly to make the learning atmosphere more fun and positive by bringing more effective teaching methods to their speaking classes as well as to make more interactive oral practices in the classroom. Along with students' ideas and suggestions, the study also suggested creating English-speaking atmosphere in the classroom,

changing existing English teaching methods and the course content to more learner-centered and more communicative way of teaching.

References

- 1 Al-Esaifer, F. S. A., Alshareef, H. M. A. Speaking challenges that encounter 2nd and 3rd year EFL university students. // 2018. *Premise: Journal of English Education*, №7.1. 49-56.
- 2 Akbari, Z. Current Challenges in teaching/learning English for EFL learners: The case of Junior High School and High School. *Procedia - Social and Behavioral Sciences*. № 199. 394-401. URL: <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.07.524>
- 3 Batyrova, A. Understanding Kazakhstani Students' Challenges in Speaking English and Their Strategy Use: A Phenomenographi
- 4 aigerim201089@gmail.com Study. // 2021. URL: <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/5624>
- 5 Brown, H.D. *Teaching by principles: an interactive approach to language pedagogy* Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall Regents, 1994.
- 6 Braun, V., Clarke, V. (2006) Using thematic analysis in psychology. // 2006. *Qualitative Research in Psychology*, №32.1. 77-101. URL: <http://eprints.uwe.ac.uk/11735>
- 7 Chand, G. Challenges Faced by Bachelor Level Students While Speaking English. // 2021. *Indonesian Journal of English Language Teaching and Applied Linguistics*, № 6.1. doi: <http://dx.doi.org/10.21093/ijeltal.v6i1.853>
- 8 Harmer, J. *The practice of English language teaching*. England. Pearson Education, 2007.
- 9 Masduqi, H. Integrating receptive skills and productive skills into a reading lesson. // 2016. *Proceeding the 2nd International Conference on Teacher Training and Education*, № 2.1. 507-511.
- 10 Nunan. *Second Language Teaching and Learning*. Boston. Heinle & Heinle Publisher, 1999.
- 11 Oxford, R. L. *Language learning strategies what every teacher should know*. Heinle and Heinle Publisher, 1990.
- 12 Phyak, P. *For Our Cho: Tlung: Decolonizing Language Ideologies and (Re) Imagining Multilingual Education Policies and Practices* Nepal, 2016.
- 13 Ratnasari, A. G. (2020) 'EFL Students' Challenges in Learning

Speaking Skills: A Case Study in Mechanical Engineering Department.// 2020. Journal of Foreign Language teaching and learning, № 5.1. DOI:[10.18196/ftl.5145](https://doi.org/10.18196/ftl.5145)

14 Ur, P. A course in language teaching: Practice and theory. Cambridge University Press, 2002.

*А. Сүлейменова*¹, *Ж. Жылтырова*²

¹Сулейман Демирель атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aigerim201089@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДА БАКАЛАВРАТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСТЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Қазақстан Нархоз университетінің контекстінде, бұл зерттеу бакалавриат студенттерінің және ағылшын тілін шет тілі ретінде сөйлеу кезінде кездесетін қиындықтары мен осы қиындықтардың ықтимал себептік факторларын зерттеуге тырысты. Бұл зерттеуде зерттеуші екі сапалы тәсілді қолданды: ашық сауалнама және деректерді жинау құралы ретінде жартылай құрылымдалған сұхбат. Нархоз Университетінің цифрлық инженерия факультетінің

10 студенті сұхбатқа да, сауалнамаға да қатысуға шақырылды. Жиналған деректер екі негізгі категория бойынша тақырыптық талдау арқылы талданды: мәселелер мен себептер тағы да кең тақырыптар негізде іштей төрт санатқа бөлінді. Зерттеу нәтижелері сөйлеу кезінде ең көп кездесетін қиындықтар ретінде лингвистикалық, жеке, экологиялық және әлеуметтік мәселелерін айқындады, ал мұғалім мен оқыту, курстың мазмұны, мектептегі нашар білім және сыныптағы орта еркін сөйлей алмау тапшылығының негізгі себептері ретінде танылды.

Түйін сөздер: ауызекі сөйлеу қиындықтары, ағылшын тілін үйренушілері, жоғары оқу орындарының студенттері, еркін сөйлеу.

*А. Сүлейменова*¹, *Ж. Жылтырова*²

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Қаскелең, Қазақстан

²Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aigerim201089@gmail.com

ТРУДНОСТИ В ОБЩЕНИИ, С КОТОРЫМИ СТАЛКИВАЮТСЯ

СТУДЕНТЫ БАКАЛАВРИАТА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В контексте Казахстанского университета Нархоз в настоящем исследовании была предпринята попытка изучить трудности, с которыми сталкиваются студенты бакалавриата, и возможные причинные факторы этих трудностей при говорении на английском языке как иностранный язык. В этом исследовании исследователь применил два качественных подхода: открытую анкету и полу структурированное интервью в качестве инструментов исследования для сбора данных. 10 студентов факультета цифровой инженерии Университета Нархоз были приглашены для участия как в интервью, так и в анкетировании. Собранные данные были проанализированы посредством тематического анализа с точки зрения двух основных категорий: проблемы и причины были разделены с четырьмя подкатегориями широких тем. Результаты выявили наиболее распространенные трудности с речью, которые были разделены на лингвистические, личные, экологические и социальные проблемы, в то время как учитель и преподавание, содержание курса, плохое школьное образование и среда в классе были признаны основными причинами дефицита разговорной речи.

Ключевые слова: трудности разговорной речи, изучающие английского языка, студенты вузов, беглость речи.

Received 22 February 2023

FTAMP 17.01.11

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v62i1.886>

Ізбай Іңқар Өмірбекқызы^{1*}

¹Прометей мектебі, Алматы, Қазақстан

*e-mail: 211301018@stu.sdu.edu.kz

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

Андатпа. Мақаланың кіріспе бөлімінде жалпы хронотоп терминінің шығу тарихына, ғылыми айналымға енгізген ғалымдар мен зерттеушілер берген анықтамаларға шолу жасалып, қазақ әдебиетіндегі уақыт және кеңістік категориясының зерттелуі қозғалған. Сонымен қатар М.Мағауиннің «Жармақ» романында көрініс беретін тарихи көркем уақыт пен кеңістік категориясына бойынша талдаулар жүргізіліп, тұжырымдар жасалды. Романда баяндалған негізі сюжет желісі екі тұлғалық бөліністі қамтиды, ал автор оқиғаны уақыт пен мекеннің адам санасынан тыс өзгеріпотыруы арқылы дамыта түскен. Уақыт пен кеңістіктің өзгеріп отыруына кейіпкердің эмоционалды-психологиялық жай-күйі, темпоралды ритм қозғалысы мен өзгерісі де әсер еткен. Романдағы метафизика, эстетика, этиканың байланысы және бір уақыт шеңберінде болған бірнеше әрекет, кейіпкер тұрған кеңістіктің өзгеріп отыруы қарастырылды. Оған қоса автордың әдеби шығармадағы көркем уақыт пен кеңістікті берудегі тілдік қолданыстарының маңызы туындыдан алынған мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: Уақыт, кеңістік, хронотоп, зерттеу, филология, жаратылыстану, роман, психология, эстетика.

Жаратылыстану және математика ғылымдары негізінде пайда болған хронотоп терминін алғаш рет ғылыми айналымға орыс физигі А.А.Ухтомский енгізді. Біраз уақыт жаратылыстану ғылымдарына негізделіп келген термин атауын М.М.Бахтин әдеби әлемдегі уақыт пен кеңістік сызығында орын алатын көркемдік шындықты сипаттаушы ұғым ретінде ұсынды. Қазіргі филология ғылымында уақыт пен кеңістіктің құрылымын сипаттайтын бірнеше бағыттар қалыптасқан.

Кеңістікті зерттеу негізгі үш бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт бойынша шығармадағы оқиғалардың мағыналық бірлігі, себепті-бірліктілік арқылы емес, «таным кеңістігіндегі» ішкі рефлексиялық бүтін логика негізінде ашылады. Екінші бағыт С.Ю.Нехлюдова мен Ю.Л. Лотманның тұжырымдамасымен байланысты. Зерттеушілер көркемдік кеңістікте әдеби шығармада құрлымдық сипатқа ие мағынаны беретін моделдеу тіліне сүйенеді. Үшінші бағыт, кеңістікті уақыт және кеңістік бірлігін беретін хронотоптың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл бағыт М.М.Бахтиннің теориясы негізінде дамыды.

Қазақ романдарын көркемдік уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдауды бір жолға қою, қазақ әдебиеттану саласында кезек күттірмейтін істердің бірі. XIX-XX ғасырда әдеби шығармаларда кеңістік пен уақыт мәселесі тарихи уақыттың ішінде қарастырылды. Таптық және партиялық талаптардың құрсауында қалған идеологияның тұтас бір ғалымдық кеңістікке ұмтылуы, діни сеніммен астасып кету қаупін туғызды. Әдеби әлемде көзге көрінбейтін шек орнатылды.

Соған қарамастан М.Әуезов секілді ұлы жазушылар психологиялық күйді тығырққа тірейтін мұндай шектеулерден әрі асып кете алды. М.Әуезов «Абай жолы» романында кеңістіктің баламасы ретінде аспан мен бәйтерек ұғымдарын қолданған. Абай өмір сүрген кезең шығармада көркем уақыт шегін Алып Бәйтерек сипаттаса, көркем кеңістікті Мәңгілік көк аспан құрайды[4,112б]. Осы секілді қазақ романдарында уақыт пен кеңістік мәселесі айрықша көрінетін туындылар өте көп. Күні-бүгінге дейін мағыналық, көркемдік тұрғыдан талдаулар, мақалалар жарық көрсе де уақыт және кеңістік категориясы тұрғысынан зерттеу кенже қалып кележатыр.

Өз кезегінде тың зерттеулер мен талдауларды қажет ететін қазақ әдебиетінің жауһар туындыларының бірі М.Мағауиннің «Жармағы». Ғылыми тұрғыда әдеби шығарманы оқып, тек баяндау жеткіліксіз. Автордың өмір шындығын беруде шығармаға көркемдік шындықты кіріктіру жолдары, әлем әдебиетінде өзекті болып отырған уақыт сызығында оқиғаның берілуі, оқиғаның өту орны, өзгерісі, толқынысы тұрғысынан қарауды қажет етеді. Осыған қатысты Тұрсын Жұртбай әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістікке өзіндік анықтамасын беріп кетеді. Көркем уақыт суреткер берген қоғам мен сол қоғамда өмір сүрген адамдардың психологиясынан хабар береді. Көркем кеңістік – уақытқа тәуелсіз, шындыққа жақын. Көркем

уақытты бір ғана сөз не сөйлеммен немесе екі адам арасындағы аз диалогпен бүтін бір дәуірді бүгінгі күнге әкелуге, заман мен кезеңдердің орнын оңай алмастыруға, тіпті дәл осы шақты бір мезетке тоқтатып қоюға болады. Екі нәрсені қатарластыра салыстырып отыру да автордың еркінде екенін көрсетеді [4,1126]. Десек те ол уақытты қалағаныңша бұрмалап басқару дегенді білдірмейді. Шығармада өзіндік берілу қиысыны мен жолы, заңдылығы бар.

Уақыт пен кеңістік туралы жеке тұлғаның өз түсінігі мен философиясы бар. Сол сияқты кез келген көркем туындыда өзіне ғана тән көркем уақыт пен кеңістігі болады. Шығармадағы кеңістік пен уақыт әлемдік, ұлттық, халықтық және жекелік сипаттарға ие. Оған суреткердің дүниетанымы, ұлт психологиясы, философиялық көзқарасы, эстетика, авторлық ұстаным әсер етеді. Сонымен қатар жалпы: сюжеттік, фабулалық, эпизодтық, мифтік, тарихи, реалды, перцептуалды, концептуалды, тіпті мистикалық, фантастикалық уақыт пен кеңістік категориялары да кездесіп отырады [7]. Олар да өз ішінде бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Бұл аталған мәселені зерттеу аясының ауқымдылығымен күрделілігінен хабар береді.

Қазақстанның халық жазушысы, тарихшы, қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым Мұхтар Мағауинның «Жармақ» романы күні бүгінге дейін зерттеушілер мен әдебиетшілер арасындағы екі жақты пікір қалыптасырып, талқыға түсіп келе жатқан тұлғасы биік туындылардың бірі. Жазушының бұл шығармасы басқа туындысынан бөлек. Бөлектігімен де дау туғызып, сын мен мадақтаудың бел ортасында келе жатыр.

Аталған роман жазушының уақыт және кеңістік тұрғысынан ең көп көрініс беретін ерекше туындысы. Романда баяндалған оқиға тұлғалық екібөлініс аясында өрбиді. Басты кейіпкер Мұраттың қырық жыл өзі секілді егізінен, нақтырақ екінші Мұраттың бар екендігінен бейхабар өмір сүргендігі бір сәтте әшкере болады. Қызығы екінші жарты оның егізі емес, екіге бөлінген өзі екендігі. Есімі де басқа. Марат. Автор есімдегі төл «ұ» әріпі мен интернационал «м» әріпіне мәнмәтін үстейді.

Бір тұлғаның екіге бөлінер алдындағы біртұтастығын Г.Бельгер «Жармақ» романы туралы бірер сөз атты мақаласында былайша келтіреді: Сонау бір жастықтың арайлы шағында бұл тұлға құйылған құрыштай сом, бүтін болатын: бір жүрек, бір жан, бір интеллект, яки мұрат-мүдде, ынта- жігер, өткен өмір, табиғи қалып, білімге құштарлық, мінез-құлық, махаббат, арман – бәрі біртұтас

еді[3,716.]. Яғни құйылған сом құрыштың екіге жарылуы қаншалықты қиын болса, бұл да адам болмысында орын алуы екіталай құбылыс. Бір жанның бөлінуі, жүректің екіге бөлінуіне, ол ақылдың екі жартыға айналуына әкелген. Одан кейінгісі осы негізі бөліністердің салдары болып тұр. Шығармада ең негізі оқиға – бір адамның екіге бөлінетін уақыты және ол бірден дүйім жұртқа белгілі болған құбылыс емес. Кейіпкердің өзі бірнеше жыл алаңсыз ғұмыр кешкен соң адам айтса сенгісіз шындықпен бетпе-бет келеді. Уақыт – адамдарға осы шақтан өткен мен болашаққа өтіп, саяхаттауға мүмкіндік беретін шексіз мұхит. Сол секілді романдағы уақыт пен кеңістік бірнеше категориядан көрініп отырады. Бастапқыда автордың дүниетанымдық уақыт пен кеңістігі айқын байқалса, оқиға желісі шиеленісе келе фантастикалық уақыт пен кеңістік категориясына ауысады. Шығарма ең алдымен автордың қолына табысталған қолжазба иесі турасындағы әңгемеден басталады. Бұл бөлімі «Жармақтың» өзіне тікелей қатысты болмаса да, ескеруіс қалмайды. Өйткені әдеби әлемдегі «автор өлімі», яғни автордың кейіпкер тасасына толықтай өтуі Иман Қазақбай туралы естелік пен оның қолжазбасын оқу сәтінде орын алған. Автор марқұммен жақын дос болмаса да, арасында хабар алысып тұратындығымен бастайды. «..Азалы топырақ үстінде өкінішке әрі ризашылыққа толы екі-үш ауыз бақұл сөз айттым, жыл уағы өтпей, бейбақ жесірі де дүние салып еді, әке жолынан аулақ балалары мынау алмағайып заманда тіршілік қамында кетіпті, ала қағаз бетіндегі барлық мұрасына жанашырлық танытқан немере інісі менің қолыма әртүрлі сыпаттағы, тура жарым сандық қолжазба тапсырды»[5]. Бір сөйлемде бірнеше оқиға желісі бірден берілген. Оқушы оқып отырып автор мен марқұмның достық кезіне бір түсіп, әрі қарай марқұмның өмірден өткен уақытына әкеліп, әңгімелеуші адамның сол кездегі темпоралдық ритміндегі өзгерісті көрсетеді.

Оқиға ізімен шартты түрде күйеуі өлген әйелдің жесір атанатынын еске сала кеткен. Оның да қайғы артын суытпай бұл өмірмен қош айтысқандығы, екі бейбақтан қалған балалардың әке мұрасына немқұрайлығы(отбасы мәселесі) мен сан- сарсаққа салынып қолжазбасын жинаған немере інінің ұзын- сонар әрекеті(саяси мәселе), еш үзіліссіз орын алатын бір уақыт шеңберіне сыйғызып жіберген. Аталған бір ғана сөйлемде уақытпен қатар кеңістіктің бірнеше түрі көрініс береді.

Ара-кідік телефондасу – ара-кідік уақыт мөлшерін беріп тұрса, телефондасу, екі жақтың сөйлесу кеңістігін құрайды.

Азалы топырақ үстінде – уақыт пен кеңістік бірлігі қатар көрінген

тіркес. Қайғылы сәттің шекарасы мен оның орын алған кеңістігінен хабар береді. *Жыл уағы өтпей* – әрекеттің орындалу уақыты. Нақтырақ әйелдің қысқа уақыт ішінде дүние салуы.

Алмағайып заман – балалар өмір сүрген уақыт.

Ала қағаз бетіндегі мұра – жазушының бар мұрасы орналасқан кеңістік. Тіркес сонымен қатар ақ қағазға түскен қара сияның сипаты мен көлемінен хабар береді.

Тура жарым сандық қолжазба – қолжазба көлемін қамтитын кеңістік. Қағаз санының көлемі көзбен өлшеліп, жарым сандықпен бекітілген. Бұл сандыққа салып көрсетуді білдірмейді, автордың көз алдында қалған мұраның кеңістік қалпына қалай түскенін көреміз.

Қолжазба тапсырды – алушы мен беруші әрекетінің тоғысу уақыты. Жинақталған мұраның баяншыға берілген уақыты анық көрсетілген.

Шығармада метафизика, этика, эстетиканың байланысы анық байқалады. Қаламгердің кейіпкерлері өздері орныққан ортаның қалтарыстарын, көлеңкелі тұстарын танып білуге ұмтылады[2]. Онысы жарық өшкен сәттен бастау алады. Уақыт шеңберінде жарқтың өшу сипатын Мұраттың таным кеңістігінде орын алған құбылыс береді.

«Бірақ біздің бұл жолғы жарық – бұрын болмағандай. Жарықтың өзінің сөнуі басқаша көрінді. Білте шам сияқты жалп еткен жоқ. Электр шамына тән, үйреншікті жөнімен жарқ еткен де жоқ. Әлдебір тылсым күш жалмап, жұтқандай, шыңырауға, тұңғиққа батқандай, дымсыз жоғалған. Бірден түпсіз түнек орнады. Тілсіз, саңылаусыз, меңіреу, шойын қараңғылық. Тыста ай тумаған, аспан бұлтты сияқты. Сол қара аспан төмен құлап, жер бетін тұмшалап басып қалғандай... Терезе сыртқы жалпақ дүниеге емес, тура құрдымға бағытталағандай. Ал отырған үйіңіздің есік қабырғасы жоқ, қараңғылық әлеміне тоғытылған. Төңірек түгел тылсым...»[5]. Жарық өшкенге дейінгі кейіпкердің эмоционалды жай-күйі мен кейінгі өзгерісі, темпоралды ритм қозғалысы анық байқалады. Бастапқы күй: көңілім толып отыр, еңсем көтеріліп отыр, тынысым кеңіген, сенімім артқан; «Түйініп, бекініп, «әуп» демесем де, «алла» демесем де, сергек көтеріліп, орнымнан тұра бергенде жарық өшті». Осы жерде ритм өзгерісі орын алады. Үйреншікті жағдайда көрінетін қалыпты реакция:

«Иә, жарық сөнді. Оқыс ештеңесі жоқ. Тәуелсіздікке жеттік деген беймаза үш-төрт жыл орайындағы үйреншікті жағдай. Шылпара ыдыраған империяның қай тараптағы бөлшегі болмасын, аяқ, қолын жия алмай жатқан...»

Жарықтың өшуі – тоқтаған уақыттың белгісі. Шығармада

уақыттың ішінде қозғалысқа түсетін кеңістіктегі заттар әп-сәтте ғайып болған. Кеңістікті сипаттайтын элементтер жоғалған. Олар: орындық, стол, кесе, кесе түбіндегі шай, столдың жиегі, төңкерілетін, шағып алатын бірдеңе, өкшесіз ескі кебіске сұғылған аяқ. Мұратқа тіреу болған негізі үш мекен: орындық, өкшесіз ескі кебіс, линолеум төселген тас еден. Одан кейін жазушы өзін қоршаған кеңістікке өтеді.

«..Үйреншікті, нақты дүниенің жалғыз белгісі – астындағы орындық. Және алдындағы стол болса керек. Мен қармаланып, кесе түбінде қалған шайымды ішпек едім. Ештеңе ілінбеді. Кесе түгілі, сол столдың жиегі. Қолымды алға соза бере, іркілдім...

..Бар таянағым – мана сылқ етіп, қайтадан отыра кеткенжалаңаш орындық еді. Бірақ бұлайша, белгісіз, дерексіз қалыпта қала беруге болмады. Орындықпен қоштасуға тура келген. Түрегелдім. Бұлжолы жайлап, қорғалақтап. Сол беті қайыра сыйпаланып едім, орындығым да әлдеқайда жылжып кеткендей...Ендігі тірек, әдепкі әлеммен байланыс – өкшесіз ескі кебіске сұғылған екі аяқ қана. Жер басып тұрмын. Анық. Қара жер емес, үстіне линолеум төселген тас еден..»[5]. Жазушы қоршаған кеңістікті зат, динамикалық қозғалыстолтырып тұр. Кейіпкер қозғалысының өзі бірнеше бөлікке бөлінген. Бірінші қалыпты жағдайдан шыға қоймаған әрекет – кесе түбінде қалған шайды ішуге ұмтылыс; екіншіаңтарылу – кесенің де басқаның да жоғалуы; үшінші тосылу – бір нәрсені бүлдіруден қорқып, тежелу; төртінші бөгеліс – кеңістік ішінде қалған өзіне үңілу; бесінші талпыныс – бір орында отыра алмау; алтыншы қозғалыс – түрегелу; жетінші үшінші әрекетке қайта оралу – бүліністен қорқу, тыныштықты бұзудан үрейлену.

Әрі қарай жазушы дәл сол сәттен өткенге шегініс жасайды. Алғашқы сөйлемнен уақыттың осы шақ пен өткен шақ арасындағы қозғалысы қысқа екендігі байқалады. Ұзақтығы бір ғана жарықтың жалп етіп өшу ұзақтығымен тең болуы мүмкін. Ал Мұраттың таным кеңістігінде орын алған уақыт қозғалысы да оны қоршаған уақыт кеңістігіндегі бір сәтке тең бола алады. «..Қалай отырғаным есімде. Газды пеш, кранды астаушаға қарсы. Яғни, шығыс бетке. Одан берірек, көлденең қабырғада шағын ғана, тапалтақ мұздатқыш. Алдымда, айттым, дәл қазір бар-жоғы белгісіз, текше бұрышты, кішкентай ас стол. Оң қол – шығар есік. Микроауданның небәрісегіз шаршы метрлік үйшік-кухнясы ғой. Енді сол кухнядан, яғни оң жағымдағы еңсіз есіктен өтіп, ащы ішектей тар, бірақ қысқа дәлізбен қарсы қабырғаға дейін жүруім керек. Содан соң тағы да оңға. Менің жұмыс кабинетім.

...Бергі, кухнямен жалғас қабырғада диван-төсек бар. Яғни, жатын

бөлмеміз де осы. Әрі қонақжай зал. Алпысты алқымдағанда осындай кәріп жағдайға жеттік»[5]. Кейіпкер өзінің орналасқан бағытын анық біледі. Оның сипаттайтын мекені – бүтін бір үй емес, жарым үйдің іші. Осыдан кеп романның тақырыбына қатысты элементтер шыға бастайды. Екіге бөлінген үй, екіге айырылған отбасы. Бірақ жазушы бізге белгісіз уақыт межесінде болған бұрынғы қалпын сипаттаудан өткен уақытта орын алған күрделі оқиғаларға оңай өтеді. Кейіпкердің өткені баяндалатын тарихи уақыт пен кеңістікке түседі.

«..Бір заманда үш бөлме үй болған. Және үш бала. Және бір әйел. Құдайға тәуба, балалар өсті, кетті. Бала болғанда, түгел қыз. Орындарын тапты, өздерімен өздері. Әйел де... жөнін тапты..» Өткенін осы шаққа айналдырып, тіпті келер шақта орын алуы мүмкін әрекетке бір айналып соғады. «..Қыздың жанашырлығы мол екен, ұлым жоқ деп іштей қамығушы едім. Шынында, осындай азғана көмек болмаса, қара нан, қара шаймен аштан қатуым анық еді. Ал әйелдің көмегінен бас тарттым..» Бұл үзінділер романның бастапқы бөлігі ғана, шығарманың өн бойында ашылмай жатқан тың тұстары қаншама. Автор бір оқиғадан келесі бір оқиғаға оңай, бір кеңістіктен екінші бір кеңістікке бір уақыт ішінде ауысып отырады. Құбылыстың иемденген кеңістігіне сай уақыт межесі де өз бағытын өзгерткен.

Адамның дүниетанымы, көзқарасы өмір сүріп отырған ортадағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуал, саяси жағдайға қарай қалыптасады. Өз кезегінде адамды қоршаған кеңістікке қарап, тұлғаның болмысын бағамдаймыз. Ал жеке адамның танымы қалыптастырған көркемдік әлемнің негізі сол адамның басынан өткерген уақыт және кеңістік тәжірбиесіне сүйенеді. Тиісінше көркем шығарманың құрылымдық ерекшелігіне назар аударуда, ең алдымен авторлық уақыт пен кеңістік концептісін анықтап алуымыз қажет. Мұхтар Мағауин өмір сүрген уақыт пен кеңістік, оның көркемдік әлемін құруда жетекші рөл атқарған. Соған орай шығармада тарихи уақыт пен кеңістік элементтері(нео-балшабек, дефицит, инфляция, тәуелсіздік, пост-совет, колхоздасу, ашаршылық және т.б) көптеп кездеседі.

Көркем шығарманың автор берген көркемдік әлемі ерекше. Көркемдік әлімнің жеке өзіне тән уақыт және кеңістігі бар екенін жоғарыда атап өттік. Жазушы дәл осы уақыт және кеңістік категориясы арқылы көркем шығарма өмір сүретін ортаны жасап берген. Осы арқылы кез келген оқиға байланысы, кейіпкер әрекеті, қимыл- қозғалыс, тіпті бір орында қозғалыссыз тұрған затты сипаттағанда да дәл уақыт межесінде орындалатын істер арасы белгілі бір уақыт пен кеңістіксіз

байланыспайтынын көреміз. Сонымен қатар автордың перцуапталды (сезімдік қабылдау уақыты) уақытты бейнелегені байқалады. Кейікердің психологиялық, эмоционалды жай-күйінің дәл, ерекше сипатталуы – соның дәлелі. Романдағы оқиғалар желісі көркемдік-тарихи уақыт және кеңістік, мекен секілді ұғымдармен біте қайнасып өрбиді. Уақыттың тоқтауы, кеңістіктегі заттардың жоғалуы, келесі бір уақыта ауысу секілді қиял-ғажайып құбылыстың көркемдік шындықпен берілуі оқырманды көркемдік әлемге түсіріп, өз шындығына сендіре алған.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ахметова А. Шығарма туралы шынайы рецензия жазылса [Әдебиетпорталы]. – 2022. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/sygarma-turaly-synaiy-recenziia-zazylsa-23819>
- 2 Алпысбаев Қ. М.Мағауиннің «Жармақ» романы // Әдебиеттану және тіл білімі(26), 2015 — №1.
- 3 Бельгер Г. Мұрат пен Марат.Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы туралы бірер сөз // Отбасы және Денсаулық, 2010 — №9-10.
- 4 Жұртбай Т. Көркем кеңістік пен уақыт және тарихи дәлел. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: академик С.Қирабаевтың 75жылдығына арналған жинақ. – Алматы, 2002ж.
- 5 Мағауин М. «Жармақ» [Abai.kz]. – 2015. URL: <https://abai.kz/post/50226>
- 6 Темирболат А.Б. Проблема хронотопа в современной прозе: – Учебное пособие. – Алматы, 2003. – 199 с.
- 7 Ханкей Е. М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік(1920-30 жылдар) Алматы, 2010ж.

References

1. Ahmetova A. Şyğarma turaly şynaiy resenzia jazylsa [Ädebiyet portaly]. – 2022. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/sygarma-turaly-synaiy-recenziia-zazylsa-23819> Alpysbaev Q. M.Mağauinniñ «Jarmaq» romany // Ädebiettanu jäne til bılımı(26), 2015 — №1.
2. Belger G. Mūrat pen Marat.Mūhtar Mağauinniñ «Jarmaq» romany turaly birer söz // Otbasy jäne Densaulıq, 2010 — №9-10.
3. Jūrtbai T. Kōrkem keñistik pen uaqyt jäne tarihi дәlel. Ädebiettanudyñ

өзекті мәселелері: академик С.Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ.
– Алматы, 2002ж.

4. Мағауин М. «Жармақ» [Abai.kz]. – 2015. URL: <https://abai.kz/post/50226>
5. Темірболат А.В. Проблема хронотопа в современной прозе: – Учебное пособие. – Алматы, 2003. – 199 с. Ханкей Е. М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар) Алматы, 2010ж.

Избай Инкар Умирбеккызы¹

¹ Prometheus School, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: 211301018@stu.sdu.edu.kz

ARTISTIC TIME AND SPACE IN THE NOVEL 'ZHARMAK' BY MUKHTAR MAGAUIN

Abstract. In the introductory part of the article, an overview of the history of the origin of the term chronotope was conducted. In general, the definitions given by scientists and researchers introduced into scientific circulation and told about the category of time and space in Kazakh novels. The analysis was also carried out and conclusions were drawn on the category of historical, artistic time and space reflected in M. Magauin's novel "Zharmak". The basis of the novel is that the storyline is based on the division of the personality of one person into two parts. The author developed the story through changes in time and place beyond the limits of human consciousness. The change in time and space was also influenced by the emotional and psychological state of the hero, movement and a change in temporal rhythm. The interrelation of metaphysics, aesthetics, ethics was considered. There are also several actions taking place in the same time interval, changing the space in which the character is located. In addition, the importance of the author's linguistic use in a literary work in the transmission of artistic time and space was supported by examples from the work.

Keywords: Time, space, chronotope, research, philology, natural sciences, novel, psychology, aesthetics.

Избай Инкар Умирбеккызы¹

¹Школа Прометей, Алматы, Казахстан

*e-mail: 211301018@stu.sdu.edu.kz

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО В РОМАНЕ

МУХТАРА МАГАУИНА «ЖАРМАК»

Аннотация. Во вводной части статьи был проведен обзор истории происхождения термина хронотоп. В целом, определений, данных учеными и исследователями, введенными в научный оборот и рассказано о категории времени и пространства в казахских романах. Также был проведен анализ и сделаны выводы по категории исторического, художественного времени и пространства отраженные в романе М.Магауина «Жармак». Основа романа состоит в том, что сюжетная линия построена на разделении личности одного человека на две части. Автор развил историю через изменения времени и места за пределами человеческого сознания. На изменение времени и пространства также повлияло эмоционально-психологическое состояние героя, движение и изменение темпорального ритма. Было рассмотрено взаимосвязь метафизики, эстетики, этики. Также несколько действий, происходящих в одном и том же временном интервале, изменение пространства, в котором находится персонаж. Кроме того, важность языкового употребления автора в литературном произведении в передаче художественного времени и пространства было подкреплено примерами из произведения.

Ключевые слова: Время, пространство, хронотоп, исследование, филология, естествознание, роман, психология, эстетика.

Келін түсті 18 Қаңтар 2023

